

**Қобда аудандық мәслихаттың 2011 жылғы 27 шілдедегі № 217 "Қобда ауданы бойынша стационарлық емделуде жүрген туберкулез ауруымен ауыратын азаматтарға әлеуметтік көмек көрсету туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Ақтөбе облысы Қобда аудандық мәслихатының 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 59 шешімі. Ақтөбе облысы Әділет департаментінде 2013 жылғы 10 қаңтарда № 3486 тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Қобда аудандық мәслихатының 2013 жылғы 22 тамыздағы № 115 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Қобда аудандық мәслихатының 22.08.2013 № 115 шешімімен.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабына және Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Бюджет Кодексінің 56 бабы 1 тармағы 4 тармақшасына сәйкес Қобда аудандық мәслихат **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Қобда аудандық мәслихаттың 2011 жылғы 27 шілдедегі № 217 "Қобда ауданы бойынша стационарлық емделуде жүрген туберкулез ауруымен ауыратын азаматтарға әлеуметтік көмек көрсету туралы" (нормативтік құқықтық кесімдері мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3-7-124 тіркелген, 2011 жылғы 25 тамызда "Қобда" газетінің № 36 жарияланған) шешіміне мынадай өзгерістер енгізілсін:

шешімнің атауындағы және 1 тармағындағы "стационарлық" деген сөз "амбулаториялық" деген сөзбен ауыстырылсын.

2. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күннен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Мәслихат сессиясының  
төрағасы*

*А. Алиев*

*Аудандық мәслихаттың хатшысы*

*Л.Исмағамбетова*